



Қазақстан Республикасы мен Ислам Даму Банкінің арасындағы Қазақстан Республикасының Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығының жобасына пайдалану үшін агент ретінде Банктің атынан және Банк үшін жабдықтар сатып алуға және сатуға өкілеттігі туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 29 маусым N 250

1998 жылғы 15 ақпанда жасалған Қазақстан Республикасы мен Ислам Даму Банкінің арасындағы Қазақстан Республикасының Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығының жобасына пайдалану үшін агент ретінде Банктің атынан және Банк үшін жабдықтар сатып алуға және сатуға өкілеттігі туралы келісімі бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Ислам Даму Банкінің арасындағы
Қазақстан Республикасының Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми
орталығының жобасына пайдалану үшін агент ретінде Банктің атынан
және Банк үшін жабдықтар сатып алуға және сатуға
өкілеттігі туралы келісім

Қазақстан Республикасы мен
Ислам Даму Банкі арасындағы
Келісім

Осы Келісім 18 th Shawwa 16 1418H (1998 жылдың 15 ақпанында) Қазақстан Республикасы (бұдан әрі "Агент") және Ислам Даму Банкі (бұдан әрі "Банк") арасында жасалды.

А - II қосымшада баяндалған жобаның мақсаты үшін осы Келісімнің I қосымшасына (бұдан әрі "жабдық") көрсетілген жабдықтарды сатып алуға және осы жабдықтарды Агентке сатуға өтінішпен тілек білдіргендіктен;

В - Банк жабдықты тек 4,500,000 (төрт миллион бес жүз мың) АҚШ долларынан аспайтын сомада сатып алуға және негізгі қорларға және 7% (жеті процент) көлемінде үстемеге (өндіріс шығындарына) салынған "пісуінің" екі жылдық мерзімі аяқталғаннан кейін 8 жылдан соң сату бағасы Банкке төленген жағдайында, бөліп-бөліп сату негізінде Агентке сатуға келісетіндіктен;

С - Агент (В) параграфының шарттарымен келісті және қабылдады.

Осымен мыналар туралы уағдаластыққа қол жеткізілді:

1. Айқындама.

Осы Келісімде, мағынасы бойынша өзгені талап етпейінше мына терминдер мыналарды білдіреді:

- (a) Мақұлданған сома - Келісімнің кіріспесіндегі В параграфында көрсетілген сома.
- (b) Жабдық - осы Келісімнің I қосымшасында көрсетілген жабдықтар мен машиналар және олардың ажырамас бөлігі болып табылатын керек-жарақтары.
- (c) Сатушы - жабдықты өндіргеніне немесе өндірмегеніне тәуелсіз жеткізуші.
- (d) Сатып алуға арналған шарт(тар) - Банк пен Сатушы үшін және олардың атынан әрекет ететін Агент жасасқан, жабдықтарды сатып алуға арналған шарт(тар).
- (e) Сатып алу бағасы - жабдықтарды өндіру ("шығындардың бағасы") бағасы қосылатын сатып алу шарттары бойынша төлеуге жататын жабдықтардың, көлік пен сақтандыруға арналған, сондай-ақ осы Келісім бойынша Банктің төлеуіне жататын осындай басқа да қызмет көрсетуге арналған кез-келген шығындардың сомалары.
- (f) Жоба - II қосымшада сипатталған жоба.
- (g) Жеткізілетін күні - Банк атынан жабдықтарды жеткізетін күн.
- (h) Күшіне енетін күні - Келісім күшінде деп жарияланған және Банк Агентті хабарлаған күн.
- (i) Жалпы ережелер - осы Келісімнің V қосымшасында айтылған шарттар.
- (j) Сатуға арналған келісім - Банк пен Агент арасындағы осы Келісімнің 7-тармағына сәйкес жасалуға тиіс келісім. 7.02 Жалпы ережелер бабының шарттары бойынша Келісім III және IV ережелерде, сондай-ақ Жалпы ережелерде көзделген ұсыныстар мен қабылданған телекстерді өзіне қосуы тиіс.

2. Жабдықтарды сатып алуға және жеткізуге арналған Агенттің рұқсаты

2-1. Осы Келісімнің 9-тармағының шарттары бойынша Банк осымен Агентке:

- a) Банк атынан және осы Келісімге сәйкес келіссөз жүргізуге, жабдықтың бағасы туралы Сатып алушымен уағдаласуға, оның барлық ерекшеліктеріне және сатып алу мен Банк жабдықтарын жеткізудің басқа шарттарына;
- b) сатып алуға деген шарттың ережелеріне сәйкес Банк атынан жабдықтарды жеткізуге өкілдік береді.

2-2. Агент Банк рәсімдеріне сәйкес жабдықтарды сатып салуға кепілдік береді.

Жоғарыда баяндалған шарттардың басым бөлігіне қайшы келмей Агент Исламдық Ұйым Ережелерін сақтауы тиіс.

2-3. Агент сатып алуға деген кез-келген шартқа:

а) сатып алуға деген иелік құқығын сатып алушыдан Банкке тікелей өтуін қарастыруы;

б) Банк арқылы жабдықтарды тиісті сақтандыруды және осындай түрде теңіз және транзиттік сақтандыруды қоса, жабдықтардың осындай түрлері үшін жабдықтарды тасымалдау кезінде әдетте туындайтын мұндай қатерлерге қарсы сақтандыруды орналастырудың толық құнына, Келісімге сәйкес жабдықтар Агентке толық сатылмайынша қарастыруы тиіс.

2-4. Агент сатып алуға деген шарт жобасының ережелерін Банктің мақұлдауын алғанға дейін сатып алуға деген қандай да бір шарт жасамауы керек.

2-5. Агент Банк мақұлдаған сатып алуға деген қандай да бір толықтыруға, өзгеріске, бас тартуға немесе келісім-шарттың кез-келген шарттарынан ауытқуға Банктің мұндай толықтыруға, өзгеріске, бас тартуға немесе шарттан ауытқуға басым мақұлдауын алмайынша келіспеуі керек.

2-6. Агенттің Банк атынан жабдықтарды сатып алуға деген өкілдігі осы Келісім тоқтаған сәтте немесе одан кейін, ол қаншалықты бұрын жүзеге асырылмасын, оның жалпы жиынтық бағасы 4,500,000 (төрт миллион бес жүз мың АҚШ доллары) АҚШ долларды құрағанда осындай күні тоқтатылуы керек.

3. Агенттікке қабылдау

Агент банк атынан келіссөздер жүргізуге және осы Келісімге сәйкес сатушыдан жабдықтарды сатып алу туралы онымен уағдаласуға және Банк атынан сатушыдан оны жеткізуге келіседі.

4. Жобаның орындалуы

4-1. Агент сатып алу бойынша шартты орындау кезінде ол жеткілікті ынтамен және қамқорлықпен сатып алуға деген шарттың кез-келген тежелуі немесе бұзылғандығы туралы Банкке хабарлайтынына кепілдік береді, сондай-ақ егер шартты тежеу немесе бұзу оның кінәсінен болса, сатып алушыға қарсы қолданылатын шаралар туралы Банкпен кеңеседі.

4-2. Агент Банктің аккредитивтелген өкіліне жобаны, жабдықты және оларға байланысты жазбалар мен құжаттардың кез-келгенін тексеру мақсатында сапар шегуге ыңғайлы мүмкіндік беруі тиіс; сондай-ақ Банкке, оның өтініші бойынша мақұлданған сомалардың шығыстары, жоба, жабдықтар, жасалған операциялар және Агенттің қаржылық жағдайы туралы осындай ақпаратты бере алады.

5. Жабдықтарды жеткізу

5-1. Агент сатып алуға деген шарттың ерекшеліктеріне сәйкес оны қамтамасыз ету үшін оны жеткізер алдында жабдықтарға зерттеу жүргізуге кепілдік береді және жабдықтардың жақсы жағдайда екендігі және тыңғылықты қарау барысында орын

алуы мүмкін ақаулардың жоқ екендігін растайды.

5-2. Агент жабдықтарға тексеру жүргізіп болысымен ол Банкті тексеру нәтижелері туралы телекспен кешіктірмей хабардар ететініне кепілдік береді. Ішінара Агент Банкке жабдықтардың сатып алуға деген шарттың барлық тиісті өлшемдері бойынша лайықты деп табатындығын және оны жеткізуді қарастыратындығын немесе ол сатып алуға деген келісім-шарт шарттары бойынша жабдықты қанағаттанғысыз деп табатындығын хабарлауы тиіс. Егер Банк жеткізу күнінен 30 күн ішінде мұндай хабарламаны алмаса, онда Банк жабдықтардың сатып алуға деген шарттың барлық өлшемдерін қамтамасыз ету бойынша жауапкершілікті Агент өзіне алды деп санауы тиіс.

5-4. Агентке сату туралы Келісім жеткізілген күннен күшіне енген күнге дейінгі кезеңінде кез-келген ақау немесе өкімет билігіне байланысты немесе жабдықтарды сақтау кезінде қарамағандықтан жабдықтың бүлінгені үшін жауапкершілік жүктеледі.

6. Сатып алу бағасының төлемі

6-1. Сатып алуға деген шарттарға сәйкес және оны мынадай шарттар қанағаттандырғаннан кейін:

- a) жабдықтарды сатып алу Банк рәсімдеріне немесе Банк мақұлдаған кез-келген басқа рәсімдерге сәйкес жүргізілген болса;
- b) сатып алуға деген келісім-шарт шартын Банк мақұлдаған болса;
- c) ақысы төленуі тиіс жабдықтардың сипаттамасы осы Келісімнің 1-қосымшасына сәйкес келеді;
- d) сатып алу бағасының жиынтық сомасы мақұлданған сомадан аспауы керек.

6-2. Егер, Банк пен Агент арасында келісілетін, күшіне ену күнінен 180 күн ішінде немесе осындай біршама кеш күні Агент Банктің қарауына сатып алу бағасының бірінші төлемін жүзеге асыру өтінішін ұсынбаса, онда Банк Агентті бұл туралы жеткілікті түрде хабардар ете отырып осы Келісімді тоқтата алады.

6-3. Егер, мақұлданған соманың қандай да бір бөлігі 2000 жылдың 31 желтоқсанына дейін немесе Банк пен Агент арасында келісілуі мүмкін мұндай біршама кеш күні пайдаланылмай қалса Банк Агентпен кеңескеннен кейін пайдаланылмаған бөлікті жоя алады.

7. Жабдықтарды сатып алуға Агенттің уәдесі Жабдықтарды сатуға Банктің уәдесі

7-1. Агент Банктен жабдықтарды сатып алуға уәде береді және Банк Агентке жабдықтарды Банк мақұлдаған шарттармен (Келісім Кіріспесінің B-параграфына сәйкес), сондай-ақ Жалпы ережелерге сәйкес сатуға уәде береді.

7-2. Сатуға деген Келісім жеткізілген күннен кейін кешіктірмей телекспен алмасу арқылы Банк пен Агент арасында жасалуы керек. Алмасуға жататын телекс III қосымша нысаны бойынша Агенттің ұсынысы және IV қосымша нысаны бойынша ақшаларды төлеуге және тауар құжаттарына Банк келісімі болуы керек.

7-3. Егер қандай да бір себеппен Агент барлық жабдықты немесе оның қандай да бір бөлігін жеткізуден бас тартса немесе оны жүзеге асыра алмаса немесе осы Келісімнің 7-2-бөліміне сәйкес Сатуға деген Келісімнен бас тартса немесе жасай алмаса Банк жабдықты жеткізу немесе оның жеткізілуін оның тек жеке қарауы бойынша айқындалған әдіспен жүзеге асырылуы үшін барлық күшті қолдануға құқылы болады, сондай-ақ сату бағасы мен Банк төлеген баға арасындағы айырмашылықтың, оған қоса жабдыққа байланысты туындаған басқа шығындардың орнын толтыру үшін оның пікірінше барлық қажетті шараларды жүзеге асыруға құқылы.

8. Агенттің өкілдігі және кепілдігі

Агент Банкке мыналарды ұсынады және кепілдік береді:

(1) заңды күшіне енуі, осы Келісімде және Сатуға деген Келісімде кепілдік берілген оның құқықтары мен міндеттемелерін орындау үшін заңды қажетті барлық әрекеттер тиісті түрде орындалуына толық күш пен әрекетке ие екендігіне.

(2) осы Келісімде және Сатуға деген Келісімде олар кепілдік берген міндеттемелер Қазақстанның заңдарына сәйкес заңды, міндетті және күшіне ие екендігіне және Қазақстанның кез-келген сотында немесе үкімет агенттігінде екі Келісімнің жазбасын, есебін жүргізуге немесе тіркеуге заңды атқару, толықтығы немесе сот тәртібімен күштеп атқару үшін қажеттілігі жоқ.

9. Келісімнің күшіне енуі

Осы Келісім Қазақстанда қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жеткілікті түрде өкілетті болып Агент атынан Келісімге қол қойылғандығы туралы куәлік Банкке ұсынылмайынша күшіне еруге тиісті емес.

10. Оның күшіне енуіне мүмкін болмағандықтан Келісімнің тоқтауы

Егер осы Келісім 1998 жылдың 30 маусымына дейін күшіне енбесе Келісім және ол бойынша тараптардың барлық міндеттемелері Банк кедергілердің себептерін қарағаннан кейін Келісім күші енетін біршама кешеуілдеген күнді тағайындамайынша тоқтатылуы тиіс. Мұндай біршама кешеуілдеген күн туралы Банк Агенттікке кешіктірмей хабарлауы тиіс.

11. Бұзу және тоқтату

11-1. Үшінші тараптың Банкпен және оның атынан орындаған операциялары үшін қаржылық жауапкершілікті көздейтін шарт жасалмайынша:

1) Агент мақұлданған соманы немесе оның бөлігін жою өтінішімен Банкке тілек білдіруі мүмкін;

2) Банк Агентке хабарлай отырып сатып алу бағасының төлемін немесе қандайда бір оның бөлігін мынадай жағдайлардың бірінде:

а) Агент тарапынан осы Келісімнен бөгде кез-келген Келісім бойынша Банкке немесе Банктің басқа филиалына тиесілі өзінің кез-келген соманы төлеу міндеттемесін орындау мүмкіндігі болмағанда;

б) Агент осы Келісім бойынша міндеттемелердің қандай да бірін орындамаса;

- с) Агент оның берешектерінің төлемдеріне мораторий жарияласа;
- д) Банктің пікірінше Агенттің жобаны орындауы мүмкін емес жағдайына әкелуі (і) немесе осы Келісімнің мақсаттарына жетуге кедергі жасайтын төтенше жағдай туындаса;
- е) Қазақстан Банкке мүшелігін тоқтата тұрса немесе Банкке мүшелігін тоқтатса;
- ф) Агенттің жасаған мәлімдемесі немесе осы Келісімнің шарттары бойынша Банк тарапынан мақұлдау үшін немесе осы Келісімді жасау үшін жобаны орындау барысында ұсынылған кез-келген өтініш кез-келген материалдық аспект бойынша орынсыз болса;
- г) жобаның кез-келген қаржыландырылуын қаржыландырушы орган тоқтатса тоқтата алады.

Банктің сатып алу бағасын төлеуі мұндай тоқтата тұруды тудырған жағдай немесе жағдайлар болғанын қойғанша немесе Банк Агентке бұрынғы мерзімге қарамастан Банктің сатып алу бағасын төлеу міндеттемесі қалпына келмейтінін хабарламайынша толық немесе ішінара тоқтатылуы бұдан әрі тоқтатылуға жатқызылуға тиіс, қалпына келтіру туралы мұндай кез-келген хабарлау кезінде сатып алу бағасын төлеу міндеттемесі тек осы шамада және осы хабарлауда мазмұндалған шарттар бойынша қалпына келтірілуі тиіс және мұндай хабарлау Банктің кез-келген басқа немесе осы бөлімде жазылған одан әргі жағдай туралы кез-келген құқығына, өкілдігіне немесе қызметіне ықпал етпеуі немесе зиян келтірмеуі керек.

11-2. Осы Келісімнің 6-2 және 6-3-бөлімдеріне сәйкес егер Банктің сатып алу бағасын төлеу міндеттемесі мақұлданған соманың кез-келген сомасы туралы тоқсан күн ішінде тоқтай тұруы тиіс болса немесе кез-келген уақыт кезінде Банк Агентпен кеңескеннен кейін мақұлданған соманың қандай да бір бөлігі жобаны қаржыландыруға қажет етілмейді деп айқындаса, онда Банк Агентке соманың осы бөлігін төлеуді тоқтату туралы хабарлай алады. Соманың сол бөлігі хабарланғаннан кейін жойылған деп саналуы керек.

12. Міндеттемелерден босатылуы

Банктің осы Келісім бойынша өз құқығын жүзеге асырудағы немесе қорғаудағы дәрменсіздігі немесе мұндай жүзеге асыру немесе қорғау кезіндегі кешіктіру немесе Агентке қарсы құқығын қорғаудағы кез-келген қорғаныс құралын жүзеге асырудағы немесе бекітудегі дәрменсіздігі немесе мұндай жүзеге асыру немесе бекіту кезіндегі кешіктіру мұндай құқыққа немесе құқықты қорғау құралына зиян келтірмеуі керек және міндеттемеден немесе қорғаныс құралынан босатылғандығы ретінде пайымдалмауы тиіс.

13. Реттейтін заң, дауларды реттеу

13-1. Осы Келісім Ислам Шарифатының принциптеріне сәйкес реттелуі және пайымдалуы тиіс.

13-2. Осы Келісімнің немесе Сатуға деген Келісімнің тараптары арасында

туындаған кез-келген дау немесе бір тараптың екіншісіне хабарлаған күннен 60 күн ішінде тараптар арасындағы уағдаластық шешілуі мүмкін емес осы Келісім немесе Сатуға деген келісім бойынша туындаған бір тараптың басқа тарапқа деген кез-келген талабы Төрелік соттың қарауына ұсынылуы керек.

а) мұндай төрелік тараптарының бір тарабы Банк (Сатушы) және екінші тарабы Агент (Сатып алушы) болуы тиіс.

б) Төрелік сот мынадай түрде тағайындалған үш төреден тұруы тиіс:

Төрелердің бірін Банк (Сатушы) тағайындауы тиіс, екінші бірін Агент (Сатып алушы) тағайындауы тиіс, ал үшінші төрені (бұдан әрі "Судья") тараптардың уағдаластығы бойынша тағайындалуы тиіс немесе егер, тараптар өзара келісе алмаса оны Ислам Конференциясының Бас Хатшысы тағайындайды. Егер, тараптардың бірі төрешіні тағайындамаса, онда төрешіні Судья тағайындайды.

Егер, осы бөлімге сәйкес тағайындалған қандай да бір төреші оған жүктелген міндеттерден бас тартса, қайтыс болса немесе іс-әрекетке қабілетсіз болса оның мұрагері мұның алдындағы төреші сияқты тағайындалуы керек және мұндай мұрагер осындай мұның алдындағы төреші сияқты барлық өкілдік пен міндеттерге ие болады.

с) Төрелік рәсімдері басқа тарап үшін мұндай рәсімді телитін тараптарды хабардар еткеннен кейін осы бөлім шеңберінде енгізілуі мүмкін. Мұндай хабарламада төрелік қарауына ұсынылатын даулар немесе талаптар сипатын білдіретін өтініш, сондай-ақ табылған көмектің сипаты және мұндай рәсімді телитін тарап төрешісінің аты, сондай-ақ ұсынылатын Судьяның аты көрсетілуі керек. Хабарламадан кейінгі 30 күн ішінде екінші тарап төрешінің атын тағайындаған, рәсімді телитін тарапқа және ұсынылған Судьяның тағайындалуына оның келісетіндігін немесе келіспейтіндігін хабарлауы тиіс.

д) Егер, төрелік рәсімдерін өткізу туралы мұндай хабарламаны алғаннан кейін 60 күн ішінде тараптар Судьяға қатысты Келісімге келмесе, онда тараптардың бірі осы бөлімнің (б) параграфына сәйкес Судьяны тағайындау туралы өтініш білдіруі мүмкін.

е) Төрелік сот Судья тағайындаған сондай уақытта және сол жерде белгіленеді. Төрелік сот оның отырысы қайда және қашан өткізілетіндігін айқындауы керек.

ф) Осы бөлімнің шарттары бойынша және тараптардың өзге уағдаластықтарынан басқа жағдайларда Төрелік сот оның құзырына байланысты барлық мәселелерді шешуі және оның рәсімдерін айқындауы тиіс.

г) Төрелік сот барлық тараптарды тыңдауы және жазбаша түрде төрелік шешім шығаруы тиіс. Төрелік соттың басым даусымен қол қойылған төрелік шешім осындай соттың төрелік шешімі болуы тиіс. Шешімнің қол қойылған көшірмесі тараптардың әр қайсысына берілуі тиіс. Осы бөлімнің шарттарына сәйкес шығарылған кез-келген төрелік шешім осы Келісім тараптары үшін түпкілікті және міндетті болуы тиіс. Осы бөлімнің шарттарына сәйкес Төрелік сот шығарған төрелік шешімді тараптардың әр қайсысы да ұстануы керек.

h) Тараптар төрелік рәсімдерді өткізуге қатысушы төрелер мен басқа адамдарға берілетін сыйақылардың белгіленген сомаларын тағайындауы керек. Егер, тараптар Төрелік сот шақырылғанға дейін мұндай сома туралы уағдаласа алмаса, онда мұндай жағдайда сот мұндай соманы тағайындауы керек. Банк (Сатушы) пен Агент (Сатып алушы) төрелік рәсімдер кезінде өздерінің жеке шығыстарын жабуы тиіс. Төрелік соттың шығыстары өзара бөлінуі және Банк (Сатушы) пен Агент (Сатып алушы) бірлесе отырып бірдей деңгейде жабылуы тиіс. Төрелік соттың шығыстарын бөлуге немесе мұндай шығыстарды төлеу рәсімдеріне байланысты кез-келген мәселені Төрелік сот айқындауы тиіс.

i) Осы бөлімде белгіленген төрелік шарттары осы Келісімнің тараптары арасындағы кез-келген басқа рәсімнің немесе бір тараптың екінші тарапқа деген туындаған кез-келген талабының орнына қолданылуы тиіс.

j) Егер, төрелік соттың шешімін тараптар әкелгеннен кейін 30 күн ішінде ол орындалмаса, онда кез-келген тарап соттың шешімін енгізуі мүмкін немесе кез-келген басқа мемлекетке қарсы құзыретті заңмен кез-келген сотта соттың шешімін күштеп енгізу рәсімдерін енгізе алады, соттың мұндай шешімін күштеп орындауы немесе осы Келісімнің немесе Бөліп-бөліп сату туралы Келісімнің шарттарын сот тәртібімен күштеп орындату мақсатында мұндай басқа тарапқа қарсы кез-келген басқа тиісті шараны қолдануы мүмкін.

к) Осы бөлімнің рәсімдеріне немесе осы бөлімге сәйкес шығарылған кез-келген төрелік шешімді күштеп орындатудың қандай да бір рәсімдеріне байланысты кез-келген хабарламаны немесе процесті талқылау осы Келісімнің 14-бөліміне сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін. Осы Келісімнің тараптары кез-келген осындай хабарламаны немесе процесті талқылау бойынша қандай да бір және барлық басқа талаптардан бас тартады.

14. Хабарлау

14-1. Басқа тарапқа осы Келісім шеңберінде берілуі мүмкін кез-келген хабарлама немесе сұрау салу жазбаша түрде орындалуы және телекс немесе факс бойынша жіберілуі тиіс. Мұндай хабарлама немесе сұрау салу, егер олар талап ету немесе мекен-жай бойынша қолма-қол, поштамен, жеделхатпен, телекспен немесе факспен жеткізілген болса немесе екінші тараптың осы

Келісімнің 14-2-бөлімінде көрсетілген мекен-жайына жолданса немесе осындай мекен-жай иесі тарапқа осындай мекен-жай бойынша тағайындаса және осындай хабарламаны беруші немесе сұрау салушы екінші тарапқа оны хабарласа жеткілікті түрде рәсімделуі және жасалуы тиіс.

14-2. Осы Келісімнің 14-1-бөлімшесіне сәйкес өздерінің мынадай мекен-жайларын хабарлайды:

Банк:
Ислам Даму Банкі
P.O.Box: 5925
Jeddah-21432
Сауд Аравиясы Корольдігі
Телекс: 601137 SDB SJ
BANKISLAMI JEDDAN
Факс: 6366871.

Агент:
Сызғанов атындағы Хирургия Ғылыми Орталығы
Желтоқсан 62.
480004, Алматы,
Қазақстан
факс:324844
телекс:

Осы Келісімнің тараптары Келісімнің кіріспесінде көрсетілген күні осы

Келісімді Растап қол қойды.

Қазақстан Республикасы Үкіметі
үшін және оның атынан:

Ислам Даму Банкі
үшін және оның атынан:

1 Қосымша

Жабдықтардың тізбесі

Жүрек-қан тамырлары хирургиясы үшін жабдықтар:
Магниттік резонанстық томограф
MRICТ Scanner (компьютерлік томография)

Мониторларды, газ компрессорларын және басқа жабдықтарды қосқанда операция жасауға арналған анестезиялық жабдық.

Өкпені жасанды желдету жүйесі
10 орындық мониторлар жүйесі.

Трансплантациялық жабдықтар:
Автотрансфузиялық жабдық (Sequestra)
АСТ II (Автоматты Коагуляциялық Хронометр)
Гемостазды басқару жүйесі (Hemostatis)
Операция жасауға арналған шамдар

II Қосымша

Жобаның сипаты

Осы жобаның мақсаты Қазақстан, Алматы, Сызғанов атындағы Хирургия Ғылыми Орталығын қалпына келтіру және жабдықтау болып табылады. Орталық халықаралық үлгілерге сәйкес, науқастардың шет елдерде емделуін қажет етпей жүрек, бүйрек, бауыр және өкпе ауруларымен ауыратын ауруларды емдеу бойынша барлық қызмет көрсетулерді орындауға арналған. Біршама жетілдірілген жабдықтар көрші елдерден әлеуетті науқастарды тартуы тиіс. Одан басқа, жобаның аяқталуы мынадай мақсаттардың орындалуына ықпал ететін болады:

(1) Елімізде жүрек-қан тамырлары ауруларын, бүйрек, бауыр және т.б. ауруларды емдеу үшін жағдайлармен қамтамасыз ететін Орталық болуына.

(2) Жүрек, бүйрек және бауыр ауруларының мәселелер бойынша медицина мекемелерінің студенттері мен денсаулық сақтау саласында жұмыс істейтін дәрігерлерді, сондай-ақ басқа да медицина қызметкерлерін оқытуға.

(3) Жүрек, бүйрек және бауыр аурулары саласында аспиранттық медициналық білім алуды, оқуды және зерттеуді қамтамасыз ету.

III Қосымша

Ұсыныс нысаны

Ислам Даму Банкі
Джидда
Сауд Араб Корольдігі
Телекс N 601137 ISDD SI

Біз, Қазақстан Республикасының Үкіметі _____ күні Ислам Даму Банкі бізбен жасаған Келісімге сәйкес және осы Келісімнің 7-бөліміне сәйкес Келісімнің қосымшасындағы (B) параграфында және осы Келісімнің V қосымшасында баяндалған шарттармен Ислам Даму Банкі атынан біз жеткізген жабдықтарды сатып алуды ұсынамыз.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін:

IV Қосымша

Акцепт нысаны

Сіздің _____ күні N _____ телекте баяндалған ұсынысқа, Ислам Даму Банкі _____ күні бізбен жасаған Келісімнің 7-бөліміне сәйкес осымен Келісімнің преамбуласындағы (B) параграфының және оның V қосымшасының шарттарымен Сізге сатуға келіседі.

Сатып алу бағасының жарналық сомасы және төлем күні мынадай:
Ислам Даму Банкі

V Қосымша

Жалпы ережелер

1. Айқындамалар

Төменде баяндалған Жалпы ережелердегі кейбір терминдер мынадай мағыналарды білдіреді:

А. (i) "Агенттік Келісімі" Банк атынан Келісімнің I Қосымшасында келтірілген жабдықтарды сатып алуға және жеткізуге өкілетті Банк Ислам Даму Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалған Келісімді білдіреді;

- (ii) "Сатушы" Ислам Даму Банкін білдіреді;
- (iii) "Сатып алушы" Қазақстан Республикасын білдіреді.

В. Келісімде қолданылған барлық терминдер мазмұны бойынша басқадайлар көзделмесе Агенттік Келісiмiндегiдей сондай мағынаға ие болуы тиіс және төменде келтірілген терминдер мыналарды білдіреді:

(i) "Күрделі салымдардың жетілу кезеңі" сатып алу бағасы алғашқы күннен басталатын және екі жылдан соң немесе сатушы мақұлдаған кез-келген кезеңде аяқталатын осындай кезеңді білдіреді.

(ii) "Сатуға деген Келісімнің күшіне енетін күні" Келісімнің сатуға қойылатын күнді немесе Келісімнің 7-бабына сәйкес әрекет етуді білдіреді.

(iii) "Жұмыс күні" валютамен сату туралы Келісім шеңберінде Сатып алушының Сатушыға соманы немесе сомаларды төлеуге жататын жұмыс үшін банк ресми ашылған, мұндай төлемдер жасалатын күнді білдіреді.

(iv) "Салық" кез-келген салықты, алымды, бажды, кедендік бажды немесе осындай сипаттағы басқа да төлемдерді (Сатып алушының Сатушыға төлеуіне жататын кез-келген айыппұлдарды шектемей төлейтінін қосқанда) білдіреді.

(v) "Сату бағасы" Келісімнің 3-тармағына сәйкес Сатып алушының Сатушыға төлеуіне жататын жабдықтардың бағасын білдіреді.

(vi) "Ислам динары" ("ID ") Келісімнің 4(1)(a)-бабына сәйкес айқындалған, Сатушы белгілейтін Сатушының ақша өлшемін білдіреді - бір Ислам Динары Халықаралық Валюта Қорындағы Қарыз алудың Арнаулы Құқығының (ҚАҚ) біріне сәйкес.

2. Сатып алушының жабдықтарына деген мүлiктiк құқығын беру

2.1 Жабдықтарға деген иелік құқығы Сатып алушыға Сату туралы Келісім күшіне енген күні берілуі тиіс. Сол уақыттан бастап Сатып алушы меншік иесі ретінде жабдықтарға иелік етеді және қатерлер көрсетілген күннен бастап келтірілген зияндарды, жоғалтуларды немесе бүлінуді көтеруі тиіс.

2.2 Сатып алушы жабдықтарды қарағандығын және тыңғылықты тексеру барысында жүз беруі мүмкін қандай да бір ақаусыз оны жақсы жағдайда деп есептейтінін және ол сатуға деген шартта белгіленген барлық өлшемдер бойынша ерекшеліктерге сәйкес келетіндігін растайды және қабылдайды.

2.3 Егер, жабдықтардың жасырын бүлінгені анықталса, Сатушы Сатып алушыға кез-келген кепілдіктегі ақша сомасын қаржыландыруды, жеткізушінің Сатушыға берген және Сатып алушы зерттеп әрі қабылдаған жабдықпен байланысты шарттарды немесе кепілдіктерді, сондай-ақ заң бойынша көзделген немесе Сатушының пайдасына әдеттегідей таңылған барлық тапсырылымдарға немесе кепілдіктерге кепілдік береді.

3. Сату бағасы

3.1 Сатып алушыға жабдықтарды сатушы Сатушыны қараған кезде Сатып алушы осы Агенттік Келісімінің IV қосымшасында көзделген (немесе 3.2-тармақшаға сай сатып алушының хабарлауына сәйкес) шоттарды төлеуге деген келісім көрсетілген

телекспен Сатушының Сатып алушыға берілуі тиіс жарналар кестесінде белгіленген сату бағасын Сатып алушы Сатушыға төлеуге кепілдік береді. Алғашқы жарна салымдардың жетілу кезеңінің соңынан алты ай толғанда төленуі тиіс және одан кейін төленетін әр бір жарна тікелей мұның алдындағы төлем күнінен алты ай толғанда төлеуге жатады.

3.2 Егер, сатып алуға деген келісім-шарт шарттары бойынша жабдықтардың түрлі баптары әр күндері жеткізілетін болса сату бағасының жарналары мен төлем күні жабдықтың соңғы тармағы жеткізілген күннен кейін және Сатып алушыға хабарлануы тиіс.

3.3 Ерекше жылға немесе оларды төлейтін осындай күннің алдына келетін Сатушының Сатып алушыға сату бағасының жарналарын төлеу үшін Сатып алушыға осындай жыл үшін төленген жарналарға қатысты Сатушыға есептелетін 15% үстеме көлемінде шегерім жасау құқығы берілуі тиіс.

4. Төлемдер

4.1 4.4-тармақшаға сәйкес, осы Келісімнің шеңберінде Сатып алушының

Сатушыға жасауы тиісті, әр бір төлемі Сатушының шотына төленген күнгі күн бойынша Сатушыны қанағаттандыратын кез-келген айырбасталатын валютамен немесе Сатушы Сатып алушыны жазбаша түрде белгілі бір уақыттары хабардар етіп отыруы мүмкін, осындай басқа тәсілмен жүзеге асырылуы тиіс.

4.2 Осы Келісім бойынша Сатып алушы жүргізуі мүмкін барлық төлемдер егер мына банктердің кез-келгені Сатып алушының шотына мұндай төлемдерді Сатушы растаса, тиісті түрде жүзеге асырылды деп есептелуі тиіс:

(a) Егер, мұндай төлем АҚШ долларымен жасалса:

(i) N 001591.11 шот

Сауди Халықаралық Банкі

99, Bishopgate, London EC 2M 3 TB

Телекс: 8812261, 881262

(ii) N 10507 шоты

Араб банк корпорациясы

P.O.Box: 5698, Манама, Bahrain

Телекс: 9385, 943/2/3

9442 ABCBAN BN

(b) Егер мұндай төлем француз франкімен жасалса:

N 96965.9.001.00

Union De Banques Arabes Et
Francaises (U.D.A.F.)
190 Avenue Charles De Gaulle
92523 Neuilly Cedex, France
Телекс: UBAFRA

(с) Егер мұндай төлем стерлинг фунтпен жасалса:
N 708372
Gulf International Bank
2-6 Canon Street6 London EC 4M 6 XP
Телекс: 8813326, 8812889

4.3 Егер қандай да бір төлем жұмыс күні болып табылмайтын күнге сәйкес келсе, төлем келесі жұмыс күні жасалуы тиіс.

4.4 Ислам Динары осы Келісім бойынша Сатып алушыдан кез-келген алынатын әр сома бойынша бірыңғай шот болып табылады.

Егер, Ислам Динарындағы кез-келген соманы кез-келген басқа валютаға немесе керісінше аудару керек болса қолданылатын проценттің ставкасын Сатушы белгілейді. Сатушы әдетте мұндай айырбастауды мұндай төлемдер жүзеге асырылатын күні ХВҚ келісе отырып Халықаралық Валюта Қорындағы Қарыз алудың Арнаулы Құқығындағы (ҚАК) орын алып отырған проценттік ставкасы негізінде жүзеге асырылады.

4.5 Келісім бойынша Сатып алушының жасаған барлық төлемдері шегерімсіз немесе кез келген салықтың, өтемақының, қарсы талаптың және т.б. сомасына жатқызбай еркін және таза болуы керек. Егер заң бойынша осы Келісім бойынша сатушы төлеуге жататын сомадан мұндай ұсталым немесе шегерім жасау керек болса, осындай түрде ұстамай және шегермей ол алатын сомаға тең таза соманы сатушы алады және сақтайды (мұндай ұсталым немесе шегерімге қатысты кез келген міндеттемеден бос) мұндай ұсталым немесе шегерім жүзеге асырылғаннан кейін қамтамасыз етуге тиісті осындай шамада ұлғайтылуы тиіс.

5. Сатып алушының міндеттемелерді бұзуы

Сатып алушы Сатып алу туралы Келісім жөніндегі міндеттемелерді бұзған болады, егер:

(а) Сатып алушы сомаларды төлеу мерзімінен кейін 30 күн ішінде сатуға Келісім бойынша жататын қандай да бір сомаларды толық төлем жасай алмаса (акцепт сатушының ішінара төлемдерін Сатып алушының төлемдерін толықтай жүргізуге дәрменсіздігінен бас тартқанын белгілемеуі тиіс); немесе

(b) Сатып алушының Агенттік Келісімдегі кез келген ұсынысы немесе тапсырысы оны жүзеге асыратын күні кез келген материалдық мәселе қолайсыз немесе жалған деп дәлелденсе; немесе

(c) Сатып алушы Сатуға деген Келісімнің материалдық шарттарын орындамаса немесе бұзса.

6. Қорғаныс шаралары

Егер Сатып алушы Келісім бойынша қандай да бір міндеттемелерін бұзса, мұндай тәртіп бұзушылық туралы Сатып алушы Сатушыны хабарлаған күннен кейін 30 күн ішінде қалпына келтірілмесе, Сатушы сату бағасының қалған сомасын төленбеген деп жариялауы мүмкін, ол жедел арада төленуі тиіс, одан кейін Сатып алушы осы Келісім бойынша Сатушыға төлеуге жататын кез келген басқа сомалармен қатар сату бағасының төленбеген қалған сомаларын Сатушыға жедел арада Сатып алушы бөліп-бөліп төлеуі тиіс.

7. Сатуға деген Келісімнің күшіне енетін күні

7.1 Сатуға деген Келісім Агенттік Келісімнің 7-2-бөліміне сәйкес Сатушының акцептімен телексіне Сатып алушы Сатушыға берген күні күшіне енеді.

7.2 Сатып алушы Сатуға деген Келісім күшіне енетін күнінен бұрын жабдықтарды пайдалануға құқығы жоқ. Бірақ егер Сатып алушы жеткізілген күннен 21 күні ішінде Агенттік Келісімнің 7-2-бөліміне сәйкес ұсыныспен телексті жібере алмаса, онда Сатуға деген Келісім жеткізілген күннен қорытынды және күші бар деп саналуы тиіс.

8. Есеп-қисап Сатып алушы Сатушының қарауына мынадай есептерді ұсынуға кепілдік береді:

(a) Агенттік Келісім күшіне енген күннен кейін 3 ай ішінде және одан әрі 3 айда бір рет Сатушы уақыт өткен сайын айқындайтын түрде Жобаның орындалу нәтижесі және барысы туралы есептемені;

(b) Жоба бойынша бастапқы операцияларды орындауға арналған, Сатушы сұрағанындай көлемде және толық аяқталғаны туралы есептемені;

(c) Сатушы сұрауы мүмкін кез келген басқа есепті немесе ақпаратты.

9. Талап ету құқығы міндетінен бас тарту

Сатуға деген Келісім шеңберіндегі оның қандай да бір құқығын орындауға немесе бекітуге қабілетсіз болса немесе құқықты орындау немесе бекіту кезінде оны кешіктірсе немесе Сатып алушыға қарсы қандай да бір қорғаныс шараларын орындауда немесе бекітуде Сатушы қабілетсіздік танытса немесе мұндай орындау немесе бекіту кезінде кешеуілдетсе мұндай құқыққа немесе қорғаныс шараларына зиян келтірмеуі тиіс және мұнадай құқықтан немесе қорғаныс шараларынан бас тартқан ретінде пайымдалмауын керек.

10. Реттейтін заң, дауларды реттеу

10.1 Сатуға деген Келісімнің Ислам Шарифатының принциптеріне сәйкес реттелуі және пайымдалуы тиіс.

10.2 Сатушы және Сатып алушы Сатуға деген Келісімді пайымдау немесе орындау кезінде кез келген дауды достық түрде реттеу үшін барлық күшті жұмсауы тиіс. Достық түрде шешілуі тиісті кез келген дау Агенттік Келісімнің 13-бөлімінде белгіленген төрелік рәсімдеріне сәйкес төрелік сотқа берілуі тиіс.

11. Хабарлау

Сатуға деген Келісім бойынша талап етілетін кез келген хабарлау немесе сұрау салу екінші тарап үшін жазбаша түрде орындалуы және телекс немесе факс бойынша берілуі тиіс. Мұндай хабарлама немесе сұрау салу, егер олар талап ету немесе мекен-жай бойынша қолма-қол, поштамен, жеделхатпен, телекспен немесе факспен жеткізілген болса

немесе екінші тараптың осы Келісімнің 14-2-бөлімінде көрсетілген мекен-жайына жолданса немесе осындай мекен-жай иесі тарапқа осындай мекен-жай бойынша тағайындаса және осындай хабарламаны беруші немесе сұрау салушы екінші тарапқа оны хабарласа жеткілікті түрде рәсімделуі және жасалуы тиіс.

Оқығандар:

Омарбекова А.

Нарбаев Е.